

Табиғи монополия субъектілерінің тауарларына, жұмыстарына, қызметтеріне бағаларды (тарифтерді) бекітудің және енгізудің тәртібі туралы Нұсқалықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі 1999 жылғы 06 тамыздағы N 59-ОД бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 6 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 881. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 19 наурыздағы N 82-НҚ бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Табиғи монополиялар туралы" заңының 14, 16, 17, 18-ші баптарын басшылыққа ала отырып, Бұйырамын:

1. Қосымша етіп берілген Табиғи монополия субъектілерінің тауарларына, жұмыстарына, қызметтеріне бағаларды (тарифтерді) бекітудің және енгізудің тәртібі туралы Нұсқалық бекітілсін.

2. Табиғи монополияларды реттеу департаменті (Попандопуло Е.Н.) осы бұйрықтың белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізуін қамтамасыз етсін.

3. Ұйымдық-кадрлар бөлімі (Герасимова Е.Н.) осы бұйрықты барлық аумақтық комитеттер мен табиғи монополиялар субъектілеріне дейін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Төрағаның орынбасары Е.А. Пушкареваға жүктелсін.

Төраға м.о.

Қазақстан Республикасының
Табиғи Монополияларды реттеу
және бәсекелестікті қорғау
жөніндегі агенттігі төрағасының
1999 жылғы 6 тамыздағы N 59-ОД
бұйрығымен бекітілді

Табиғи монополия субъектілерінің тауарларға, жұмыстарға,
қызметтерге бағаларды (тарифтерді) бекітудің және
енгізудің тәртібі туралы

Н ұ с қ а у л ы қ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалды және табиғи монополия субъектілерінің (одан әрі - тауарлар) тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге бағаларды (тарифтерді) (одан әрі - тауарлар) бекітудің және енгізудің тәртібін анықтайды.

2. Осы Нұсқаулықпен белгіленген тәртіп табиғи монополия субъектілеріне (одан әрі - субъектілер) таралады.

3. Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын анықтаулар:

1) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі және оның аумақтық органдары;

2) құзырлы орган - салалық министрлік немесе жергілікті атқарушы орган (егер табиғи монополия субъектісі коммуналдық меншікте болса);

3) өтінім - тауарларға бағалар бекіту жөнінде өкілетті органға ресми ұсыныс (өтініш) беру;

4) көпшілік тыңдалымдар - құзыретті және уәкілетті органдардың, субъектілердің, қоғамдық бірлестіктердің, тұтынушылардың, тәуелсіз сарапшылардың, БАҚ және басқа өкілдердің қатысуымен субъектілердің тауарларға баға жобаларын бірлесіп талқылау процедурасы.

4. Өкілетті органдардың бағаларды бекітуі мынадай жағдайларда жүргізіледі: субъектілердің өтінімін қарағаннан кейін; уәкілетті орган өткізген субъектінің қаржы-шаруашылық талданымының нәтижесі бойынша.

5. Өтінім беру және бағалар жобасын бекіту жөнінде шешім қабылданған кезде Уәкілетті орган мен субъектілер бухгалтерлік есеп стандарттарын, салық заңын, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 1999 жылғы 15 тамызындағы N 03-2 ОД бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 199_____N_____ тіркелген "Табиғи монополия субъектілерінің өндіріске және қызметтер, тауарлар, жұмыстар беруге бағаларды шығару кезінде есепке алынатын шығындар құрамын қалыптастырудың айрықша тәртібі жөніндегі" (одан әрі - Айрықша тәртіп) Нұсқаулықты, сондай-ақ белгіленген тәртіппен бекітілген субъектілер тауарларына баға есептеудің салалық әдістемесін басшылыққа алуға міндетті.

2. Баға жобаларын бекітуге өтінімдер беру мен қабылдаудың тәртіптері

6. Субъектіні құру немесе қайта құру, сондай-ақ бағаның қолдану мерзімінің өтуіне байланысты, қолдану мерзімінің шектелуі бекітілген субъектілер Уәкілетті органға бағаларды бекітуге өтінім жасауға міндетті.

Субъект қажет болған кездің кезкелген басқа жағдайында бағаларды бекітуге Уәкілетті органға жолдама жасауға құқылы.

7. Тауарларға бағаны өзгерту тоқсанына кемінде бір рет жүргізілетін болады.

8. Субъектілер Уәкілетті органға бағаларды бекітуге өтінімді, олардың енгізілуіне 45 күн қалғанға дейін кешіктірмей береді.

9. Бағаларды бекіту өтініміне қоса берілетіндер:

1) Баға соңғы бекітілген сәттен бастап тоқсан бойынша таратылған әр жылдық кезең ішіндегі субъектінің қаржы-шаруашылық қызметінің талдауымен бірге бағаларды бекіту қажеттігі туралы түсіндірме жазба;

2) Салалық ерекшеліктерді ескере отырып, Уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша көрсеткіштер түріндегі бағалар жобасы;

3) кәсіпорынның бухгалтерлік балансы;

4) қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп беру;

5) ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп беру;

6) өндірістегі шығындар мен өнімдерді (жұмыс, қызмет) тарату жөніндегі N 5-з нысаны бойынша есеп беру;

7) еңбек бойынша есеп беру (1-т нысаны);

8) кәсіпорынның өндірістік-қаржы қызметінің негізгі көрсеткіштері (N 1-ПФ нысаны);

9) негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтердің қолда бары және қозғалысы туралы есеп беру;

10) Осы Нұсқаулық қосымшасына сәйкес бағалар жобасының есебі үшін (тарифтік смета) жиынтық есеп-қисап;

11) дебиторлық және несиелік қарыздарды таратып көрсету;

12) бөгде шығындарды таратып көрсету;

13) "Өндірісте және табиғи монополиялар субъектілері қызметтерін, тауарларын, жұмыстарын ұсынуда бағаларды(тарифтерді) есептеу кезінде ескерілетін шығындар құрамын қалыптастырудың айрықша тәртібі туралы" нұсқаулықпен белгіленіп бекітілгендер (келісілгендер):

есеп жүргізу саясатына;

инвестициялық бағдарламасына;

техникалық шығын нормаларына;

санаққа алу нормативтері;

жұмыс жағдайындағы негізгі өндірістік қорларды қолдауға қажетті шығындар сметасына;

шикізат пен материалдар шығындарының нормасы.

14) материалдық, қаржылық ресурстарды, жабдықтар мен қызметтерді (жаңадан құрылатындардан басқа) сату жөніндегі тендерлік комиссиялар шешімі;

15) негізгі құралдарды соңғы қайта бағалау нәтижелері туралы, сондай-ақ

жоспардағы қайта бағалаулар туралы;

16) негізгі құралдардың пайдаланылу мерзімдері көрсетілген амортизациялық аударым жарналарының есебі;

17) Айрықша тәртіп туралы нұсқаулыққа сәйкес бағаларды қалыптастыруда есепке алынбайтын нақтылы өндірістік шығындар туралы мәліметтер;

18) еңбекақы мен басшылардың лауазымдық жалақы қорларын (мемлекеттік кәсіпорындар немесе мемлекетке тиесілі үлесті иемденуші кәсіпорындар) орнықтыру жөніндегі мемлекеттік мүлікті немесе мемлекеттік кәсіпорынды басқарушы органның шешімі;

19) жоспарлы тауарлар көлемін растайтын құжаттар (ниеттеме, шарт хаттамалары, жаппай қызмет көрсету және субъект мүмкіндіктері, монопольді жоғары бағаларды қолдау мақсатында көлемді азайтуға жол бермеу принципінен туындаған тауар өндірісі көлемінің есептері, тұтынушылар сұранысын маркетингтік зерттеу материалдары);

20) субъектінің жобалық қуаты және оның нақтылы пайдаланылуы туралы деректер.

10. Өтінімге қоса берілген есептер мен негіздеме материалдар мына талаптарға жауап беруге тиіс:

1) негіздеме материалдардың әрбір бетіне субъект басшысы, ал қаржылық материалдарға бас бухгалтер де қол қояды;

2) бұрынғы күнтізбелік жылда да жаңа бағалардың енгізілуіне алғышарт болған төрт тоқсан ішіндегі шығындар туралы нақтылы деректер негіздеме материалдар ретінде ұсынылуға тиіс;

3) бағаға маусымдық ауытқулар көлемінің ықпалын қоспау мақсатында, егер салық есептеу тарапынан мұндай есеп тиімсіз саналатын жағдайды есепке алмағанда, жылдық есептің деректері негіздемеге қабылданатын болады;

4) бағалар жобасын есептеу кезінде негіз үшін жаңа бағаларды енгізуге алғышарт болған төрт тоқсан немесе бұрынғы күнтізбелік жыл ішіндегі тауарлардың нақтылы көлемі қабылданады;

5) тауарлар көлемін азайту кезінде азайтуға негіздеме және дәлелдеме материалдар ұсынылуға тиіс.

11. Уәкілетті орган өтінім түскеннен кейінгі 5 күн ішінде ұсынылған материалдардың толықтығын тексеріп, өтінімнің қарауға қабылданғанын немесе қабылданбағанын оның себептерін көрсете отырып, субъектіні жазбаша түрде хабарландыруға тиіс.

Тапсырыстарды қабылдаудан бас тарту себептерін қарау мыналар болып табылады:

субъект өтінім беру мерзімін бұзғанда;

субъект осы Нұсқаулықтың 9 тармағында көрсетілген құжаттарды тапсырмаса.

3. Өтінімді қарау және бағаларды бекіту тәртібі

12. Уәкілетті орган бағалар жобасын бекіту өтінімін ол келіп түскен сәттен бастап 30 күн ішінде қарауға міндетті.

13. Уәкілетті орган негіздеме құжаттарымен және есептермен бірге субъект ұсынған талдау, сондай-ақ қызметтің ұқсас түрлерімен шұғылданатын субъектілер қызметінің салыстырмалы талдау көрсеткіштері негізінде баға жобаларына сараптама өткізеді.

14. Уәкілетті орган субъектінің қызметі туралы құзыретті органдардан және субъектінің өзінен қосымша ақпарат сұрауға құқылы.

15. Уәкілетті орган жаңа баға жобаларын көпшіліктің тыңдауындауға құқылы.

Көпшіліктің тыңдауы жаңа баға енгізуге дейін 25 күн ішінде өткізіледі.

Көпшіліктің тыңдауындауы және оның өткізілетін күні жөнінде уәкілетті орган субъектіге хабарлауға міндетті.

16. Уәкілетті орган өткізілген сараптама нәтижесі бойынша жаңа бағаларды бекіту немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

17. Субъект тауарларының жаңа бағасын бекіту немесе одан бас тарту туралы уәкілетті органның шешімі Уәкілетті орган басшысының бұйрығымен ресімделеді.

18. Жаңа бағаларды бекіту немесе одан бас тарту туралы шешімді Уәкілетті орган ол енгізілерге дейін 15 күннен кешіктірілмей субъектіге жіберуге тиіс.

4. Бағаларды енгізу тәртібі

19. Бекітілген бағаларды енгізу тоқсанның бірінші күнінен жүзеге асырылады.

20. Жаңа құрылған субъектілер үшін бағалар Уәкілетті орган белгілеген күннен бастап енгізілуі мүмкін.

Қайта ұйымдастыру жолымен құрылған субъектілерге осы тармақпен белгіленген ереже қолданылмайды.

21. Жаңа бағаның енгізілуі жөнінде субъект тұтынушыларды ресми бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ол күшіне енгенге дейін 10 күн ішінде кешіктірмей хабарлауға міндетті.

22. Егер жаңа бағаның енгізілетіні туралы субъект тұтынушыларды осы Нұсқаулықта көзделген мерзімде хабарландырмаса, онда көрсетілген бағалар Уәкілетті органның шешімінде көрсетілген күннен бастап енгізілмейді. Бекітілген бағаларды енгізу тоқсаннан кейін жүзеге асырылады.

23. Субъект өтінім беру тәртібін бұзса, сол сияқты жаңа бағалардың енгізілуі және тұтынушыларға хабарлау мерзімі туралы күмәнді (жалған) материалдар мен

24. Уәкілетті органның өтінімді қарауға қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту, субъект тауарларына бағаны бекіту немесе бекітуден бас тарту жөніндегі шешіміне субъект немесе тауар тұтынушы заңда белгіленген тәртіппен және мерзімде шағымдана алады.

бойынша

	Көрсеткіш.	Жалпы кәс.	Оның ішінде табиғи монополия саласына жатқызыл.			
	тердің	іпорындар	ған қызметтер (тауарлар, жұмыстар)	түрлері		
	атаулары		бойынша	бойынша		
			барлығы			
N	Өткен 4	Жылға есеп	Өткен 4	Өткен	Жылдық	Жылдық
т/б	тоқсанның	тегенде	тоқсанның/	жылдың	тариф.	тариф
	жылдың	қолданып	жылдың	нақтылы	терді	есебіне
	нақтылы	жүрген та.	нақтылы	көрсет.	есептеу	уәкілетті
	көрсеткіш.	рифпен қа.	көрсеткіш.	кіштері*	үшін	су орган
	тері*	былданды,	тері*	бъекті.	қабыл.	
		барлығы		лер	даған	
				жоба.		
				лайтын		
				көрсет.		
				кіштер		

1	2	3	4	5	6	7	8
---	---	---	---	---	---	---	---

1. Жалпы көрсеткіштер:							
1)	Ұсынылған	қызмет(тауар,					
жұмыс)	көлемі	-	барлығы	зат.			
тай	көрсеткіште	(млн.	теңге)				X
2)	Қызметтің	(тауардың,	жұ.				
мыстың)	көлеміне	қосылатын					
ішкі	айналым	-	заттай	көрсет.			X
кіші	(млн.	теңге)					

3)	Жеке мұқтажға пайдаланыл.						
ған	қызметтердің	(тауарлар.					
дың,	жұмыстардың)	көлемі					
барлығы	-	заттай	көрсеткіш				
түрінде	(млн.	теңге)					X

4)	Атқарылған қызметтердің						
(тауарлардың,	жұмыстардың)						
көлемі	-	барлығы	(млн.	теңге)			
оның	ішінде	ақша	операцияла.				
ры	бойынша	қызметтер	(тауар.				
лар,	жұмыстар)	басба-бас					
айырбасталатын	қызметтер						
(тауарлар,	жұмыстар)	заттай					
нысан бойынша төлемдер							

5)	Нақтылы өзіндік құны						
бойынша	ұсынылған	қызмет.					
тердің	(тауарлардың,	жұмыс.					
тардың)	көлемі	-	барлығы				
(млн. теңге)							

6)	Салық салуға дейінгі кіріс						
(шығыс)	(млн.	теңге)	**				

7) Одан әрі тұтынушыларға
өткізу үшін сатып алынатын
өнімдердің бағасы - барлығы
(м л н . т е ң г е)

2. Өндірілетін тауарларға
және ұсынылатын қызметтерге
(жұмыстарға) шығындар - бар.
лығы (м л н . т е ң г е)

5) Шикізаттар мен материалдар
оның ішінде Қазақстан Респуб.
ликасынан тыс жерлерден
ә к е л і н г е н д е р

9) Сатып алынатын бұйымдар
және жартылай фабрикаттар,
қосалқы материалдар:
оның ішінде Қазақстан Респуб.
ликасынан тыс жерлерден
ә к е л і н г е н д е р

10) Ж а н а р м а й
оның ішінде Қазақстан Респуб.
ликасынан тыс жерлерден
ә к е л і н г е н д е р

11) Э н е р г и я
оның ішінде электр энергиясы
12) Негізгі қорлардың тозуы***
13) Материалдық емес активтердің
ө т е л і м і * * *
14) Көлденең ұйымдардың орындайтын

өндірістік қызметтерін	сипаттағы	жұмыстары	мен	
оның ішінде		төлеу:		
қорларды		негізгі	өндірістік	
күрделі		жөндеу ***		
ағымдағы		жөндеу ***		
15) Тұтынушыларға арналған тауарлар		одан әрі	өткізуге	
құзырлы органның нақтылы шығындарды		шығынының	құны:	
бекіткен нормативі бойынша		X	X	X
16) Тауарлы-материалдық жетіспеушілігі болған		X	X	X
		мен бұзылуынан		
		шығындар ****		
17) Басқа		шығындар ***		
18) Еңбекақыға барлығы ***		жұмсалған	шығындар	
Заттай түріндегі		қосқанда	еңбекақы	
төлеу	оның	ішінде:		
Өндірістік		қызметкерлер		
Қосалқы		қызметкерлер		
19) Жалақыдан		аударым		
3. Кезеңдердің (млн. тенге)		шығындары	- барлығы	
20) Жалпы және		әкімшілік	шығыстар***	
оның		ішінде:		
еңбекақы		төлеу:		
Әкімшілік		қызметкерлер		
оның ішінде:		бас	офис	
Салықтық		төлемдер***		
Бюджеттен тыс		қорларға	аударымдар	
резервтерді құру		есебінен	шығыстар	
(жалақыдан		басқа)***		
21) Көлденең		ұйымдардың	қызметтерін	
төлеу,	оның	ішінде:		
Коммунальдық		шаруашылық		
Консультациялық,		ақпараттық,		
аудиторлық***				
Байланыс				
22) Өзге	шығындар	-	барлығы***	

О н ы ң і ш і н д е
 А р е н д а л ы қ т ө л е м * * *
 қ о з ғ а л м а й т ы н м ү л і к ү ш і н
 к ө л і к қ ұ р а л д а р ы ү ш і н
 23) Ә л е у м е т т і к с а л а н ы ң ш ы ғ ы н д а р ы * * *
 24) Ө т к і з у ж ө н і н д е г і ш ы ғ ы н д а р * * *
 О н ы ң і ш і н д е ө к і л д і к ш ы ғ ы н д а р
 25) П р о ц е н т т е р д і т ө л е у д і ң
 ш ы ғ ы н д а р ы * * *
 4. Б а р л ы қ ш ы ғ ы н д а р (м л н . т е ң г е)
 ж ә н е (2 ж о л + 3 ж о л)
 А н ы қ т а м а р е т і н д е
 1. Б а р л ы қ с а н ы (м ы ң т е ң г е)
 о н ы ң і ш і н д е :
 Ө н д і р і с т і к қ ы з м е т к е р л е р :
 н о р м а т и в б о й ы н ш а н а қ т ы л ы
 Қ о с а л қ ы қ ы з м е т к е р л е р :
 н о р м а т и в б о й ы н ш а н а қ т ы л ы
 Ә к і м ш і л і к қ ы з м е т к е р л е р
 о н ы ң і ш і н д е б а с о ф и с
 2. О р т а ш а ж а л а қ ы , (т е ң г е м е н)
 о н ы ң і ш і н д е :
 Ө н д і р і с т і к қ ы з м е т к е р л е р :
 Қ о с а л қ ы қ ы з м е т к е р л е р :
 Ә к і м ш і л і к қ ы з м е т к е р л е р
 о н ы ң і ш і н д е б а с о ф и с
 3. Н е г і з г і ө н д і р і с т і к қ о р л а р м е н
 а к т и в т е р д і ң о р т а ш а ж ы л д ы қ
 б а л а н с т ы қ қ ұ н ы (м л н . т е ң г е)
 О н ы ң і ш і н д е :
 І с к е қ о с ы л м а ғ а н а к т и в т е р д і ң қ ұ н ы
 П а й д а л а н ы л м а й т ы н н е г і з г і қ о р л а р д ы ң
 қ ұ н ы
 4. Т а з а а й н а л ы м д ы қ к а п и т а л
 5. Д е б и т о р л ы қ қ а р ы з
 о н ы ң і ш і н д е :
 К о м м е р ц и я л ы қ ұ й ы м д а р
 К о м м е р ц и я л ы қ е м е с ұ й ы м д а р
 Т ұ р ғ ы н д а р

— — — — —

Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) баға (тарифтерін) жобаларын есептеу үшін жиынтық мәліметтердің (тарифтік сметалардың) аталған нысаны "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7 бабы 5 тармақшасының, 12 бабы 1 тармақшасының, 14 бабы және 16 бабы 3 тармақшасының талаптарына сәйкес ж а с а л д ы .

Е с к е р т у :

Қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) баға жобаларын есептеу белгіленген тәртіппен бекітілген кәсіпорындар құрылымының салалық ерекшеліктері мен әдістемелік нұсқауын есепке ала отырып уәкілетті органдардың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

* 3, 5, 6 бағаналар барлық жолы бойынша тиісті кезеңдердегі шығындардың нақтылы көрсеткіштері негізінде осы нұсқаулықтың қосымшасында қарастырылған ерекшеліктерді ескере отырып толтырылады.

** 6 жол), 4, 7, 8 бағаналар белгіленген тәртіппен уәкілетті органдар бекіткен, іске қосылған активтердің кіріс ставкасы бойынша анықталады.

*** Барлық жолдар бойынша 1)-7) және 15), 19) басқаларында осы жолдарға қосылатын қажетті есептеулер мен шығындардың толық жазылған мәліметтері беріледі.

Қ о л д а р ы :
Б а с ш ы

Бас бухгалтер